«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі
2026–2027 оқу жылындағы 3-сыныптарда жүргізілген тәрбие жұмыстарының

қыркүйек айы бойынша анықтама

Тақырыбы: 3-сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспарының орындалуы туралы

2026–2027 оқу жылында 3-сыныптарында тәрбие жұмысы бекітілген сынып сағаттарының жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілуде.

2026 жылдың қыркүйек айы «Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы» ретінде белгіленіп, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, достық қарым-қатынасты нығайту және буллингтің алдын алу бағыттарында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

1-аптада, 01.09.2026 жылы «Білім күніне» арналған сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының тақырыбы – «Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі». Оқушыларға Конституцияның маңызы, азаматтық жауапкершілік және білім алудың құндылығы туралы түсінік берілді.

Сабақ барысында «Қауіпсіздік сабағы» №1 өткізіліп, 3-сынып оқушыларына «Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар төтенше жағдай кезінде қажетті қызметтерге хабарласу жолдарымен танысты.

2-аптада, 07.09.2026 жылы «Мен және менің отбасым» тақырыбында сынып сағаты ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері» (ЖЖЕ №1) тақырыбы қамтылды. Оқушыларға отбасы мүшелерін құрметтеу, озара сыйластық, көшеде және жолда қауіпсіз жүріп-тұру ережелері түсіндірілді.

Осы сабақта «Қауіпсіздік сабағы» №2 бойынша «Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады?» тақырыбы қарастырылды. Оқушылар жедел қызметтерге қоңырау шалу тәртібі мен телефон арқылы нақты әрі дұрыс ақпарат беру жолдарын меңгерді.

3-аптада, 14.09.2026 жылы «ДОСБОЛЫКЕ» жобасы аясында буллингтің алдын алуға бағытталған «Әркайсымыз бірегейміз» тақырыбындағы сынып сағаты өткізілді. Жоба кезеңі – «Мен өзгелерге ұқсамаймын». Сынып сағаты барысында оқушылардың бір-бірінің ерекшелігін құрметтеуі, достық қарым-қатынас орнатуы, өзара түсіністік пен қолдау көрсетуі туралы әңгіме жүргізілді.

Сонымен қатар «Қауіпсіздік сабағы» №3 аясында «Не жөнінде үндемей қалуға және ата-аналардан жасыруға болмайды?» тақырыбы талқыланды. Оқушыларға қиын немесе қауіпті жағдайға тап болған кезде сенімді ересек адамға хабарлау, өз қауіпсіздігін сақтау және көмек сұраудың маңыздылығы түсіндірілді.

Жүргізілген сынып сағаттары барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелік және қауіпсіздік бағыттары қамтылды. Сынып жетекшілері оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, тақырыптарды түсіндіру, пікір алмасу және практикалық тапсырмалар арқылы бекіту жұмыстарын жүргізді.

Қорытынды:

2026–2027 оқу жылының қыркүйек айындағы 1-тоқсанның алғашқы үш аптасына жоспарланған сынып сағаттары белгіленген мерзімдерге сәйкес өткізілді. Тәрбие жұмыстары оқушылардың білімге құштарлығын арттыруға, отбасылық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, қауіпсіздік мәдениетін дамытуға және буллингтің алдын алуға бағытталды.

Сынып жетекші әдістеме бірлестік жетекшісі Алипова Д.О

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Отеш А.К